



# Сыр бойы

№18 (20894)

6 ақпан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi\_kz

www.instagram.com/syrboyi\_kz

t.me/syrboyi\_kz

twitter.com/syrboyi

## /// ПРЕЗИДЕНТ

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ҺӘМ ҚАУІПСІЗДІК



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа елдегі криминалға жағдай және ішкі істер органдарының «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру барысы жөнінде ақпарат берілді.

Президентке елімізде қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде бұлттыр қылмыс саны 12,7 мыңға азайғаны баяндалды. Соңғы жылдары қылмыс деңгейінің, әсіресе, кісі өлтіру, қарақшылық, тонау мен ұрлық сияқты аса ауыр қылмыс түрлері көрсеткіштерінің айтарлықтай төмендеуі байқалады. Сонымен қатар тергеудің заманауи әдістерін енгізу арқылы қылмыстың барлық санаты бойынша ашылуы жақсара түскен.

Ержан Сәденов қылмыскерлерді іздестіру жұмыстарының нәтижесі туралы айтты. 2024 жылы полиция іздеуде жүрген 1949 адамды ұстаған.

Мемлекет басшысына ұйымдасқан, кибер және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл, сондай-ақ құқықбұзушылықтардың алдын алу жөніндегі тапсырмаларының орындалуы барысы таныстырылды. Соның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысқаны үшін 264 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Министрдің айтуынша, соңғы 12 айда есірткі таратуға қатысты ақпарат жариялаған 7500-ге жуық интернет-ресурс анықталды, 22 тоннаға жуық есірткі айналымға жіберілмеді, 64 есірткі зертханасы жойылды. Интернет-алаяқтардың 65 миллион қонырауы бұғатталды.

Нөмірлерді ауыстыруға арналған 48 SIM-box құрылғысы әшкереленді. Алаяқтардың 2 миллиард теңгеден астам қаржыны елден шығаруына жол берілмеді. Ведомство басшысы кәмет жасына толмағандардың құқықтарын қорғау, көші-қонды бақылауды күшейту, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық-аққару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы хабарлар етті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

## /// БАҒДАРШАМ

## АҚЫЛЫ ЖОЛДЫҢ ҚАРЖЫСЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?



Қызылордадан Аралға дейінгі аралық 26 қаңтардан бастап ақылы. Көлік министрі 2025 жылғы 9 қаңтарда бұйрыққа қол қойды. Өңгіме тек жүк көліктері мен автобустарға қатысты. Жеңіл көліктер тегін жүйткілді. Екі ортадағы 454 шақырым жол екінші техникалық санатты екен.

– Бұл – еліміздегі он сегізінші ақылы жол. Ресей Федерациясы шекарасы (Самара) – Шымкент республикалық маңызы бар жалпыға ортақ автомобиль жолының бойына 6 бақылау жүйесі орнатылды. Көлік қозғалысы, жылдамдығы мен қарқындылығы бейнекамера арқылы автоматты түрде бағаға тіркеледі. Көлік егелері интернет-банкінг, төлем терминалы, электронды әмиян секілді 10 түрлі әдіспен төлем жасай алады, – дейді «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры Ерулан Жүнісов.

Жолда шлагбаум жоқ. Бұл темір тұлпардың діндеген жеріне тез жетуіне мүмкіндік береді. Көлік кептелісін азайтып, қауіпсіздікті арттырады. Бүкіл мәлімет kaztol.kz сайтында онлайн режимде көрсетіледі. Енді төлем жағына оралсақ, 16 орынға дейінгі автобус немесе 2,5 тоннаға дейін жүк көтере алатын автомобильдер үшін алдын ала төлем 2840 теңге болса, кейінгі төлем – 3330 теңге. Алдын ала төлемде сыйымдылығы 32 орыннан асатын автобустар мен 10 тоннаға дейін жүк көтеруге қабілетті көлік түрлері үшін де жеңілдіктер қарастырылған.

Одан бөлек, бір бағыттағы (454 шақырым) төлем мөлшері: – 16 орынға дейінгі автобустар мен жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға жететін жүк автомобильдері үшін алдын ала төлем – 2840 теңге, кейінгі төлем – 3330 теңге; – 32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тоннаға дейінгі жүк автомобильдері үшін алдын ала төлем – 5750 теңге, кейінгі төлем – 6740 теңге; – 32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейінгі автопоездар үшін алдын ала төлем – 8570 теңге, кейінгі төлем – 10100 теңге; – жүк көтергіштігі 10 тоннадан жоғары және 15 тоннаға дейінгі жүк автомобильдері үшін алдын ала төлем – 11470 теңге, кейінгі төлем – 13470 теңге; – жүк көтергіштігі 15 тоннадан асатын жүк автомобильдері, оның ішінде тіркеліні және ершікті тартқыштар үшін алдын ала төлем – 14290 теңге, кейінгі төлем – 16830 теңге.

Алдын ала төлем жүйесі қаржылай

жүктемені азайту мақсатында енгізілген болатын. Ақыны кейін төлегеннен бұл әлдеқайда тиімді. Төлем жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы керек. Одан кешіктірсе, Әкімшілік кодекстің 628-бабына сәйкес айыппұл төлеуге тура келеді. Айыппұл көлемі жеке тұлғалар үшін – 5 АЕК (19 660 теңге), ал заңды тұлғалар үшін – 10 АЕК (39320 теңге). Төлем үшін айлық немесе жылдық абонент алуға да болады. Көлік құралы ақылы учаскеге іргелес аудандарда тіркелген тұрғындар үшін 15 пайыздық жеңілдік қарастырылған. Ақылы жолмен жүргісі келмейтіндер басқа нұсқаны таңдауға құқылы. «ҚазАвтоЖол» ҰК» сайтында айнама жолдар көрсетілген автокарта бар. Өрине, бұл жолдардың жағдайы әлі де жақсартуды қажет етеді.

– Ақылы учаскелердің басты ерекшелігі де – өзін-өзі қаржыландыру. Ақылы автожолдарды күтіп-ұстауға мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлінбейді. Түскен қаржы жолды күтіп-ұстауға, оны тәулік бойы күзетуге, жол жабынында анықталған ақауды жөндеуге, газалық жүргізуге және қауіпсіздікті арттыруға жұмсалады, – дейді Ерулан Жүнісов.

Бүгінде Қазақстанда 18 ақылы учаске бар. Олардың жалпы ұзындығы – 3676 шақырым. 11 учаске I, 7 учаске II және III техникалық санатты талаптарына жауап береді. 2021 жылы I қарашадан бастап ақылы жолдар қатары 7 учаскемен толыққан болатын. Шымкент-Қызылорда аралығы да осы тізімде.

Көлік министрі Марат Қарабаев осы дүйсенбідегі Үкімет сағатында биыл елімізде қосымша 4 мың шақырым ақылы жолдар пайда болатынын мәлімдеді. – Өткен жылы түсім 48 миллиард теңге болды. Биыл қосымша 4 мың шақырым ақылы жол іске қосылса, олардан 60 миллиард теңге кіріс түседі деп жоспарланып отыр. Ал келесі жылы бұл көрсеткіш 100 миллиард теңге дейін жетуі мүмкін, – деді министр.

Мамандар күтіп-ұстау жұмыстарына нормативке сәйкес қаражаттың бөлінуіне байланысты жұмыс сапасы артқанын айтып отыр.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

## /// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

## ЖОЛ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде автожол саласын дамыту және қаржылай цифрлық технологияларды енгізу мәселесі қаралды. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте мәселелер кенінен талқыланып, қала, аудан әкімдері мен сала жетекшілеріне тапсырма жүктелді.

– Биылғы меже – жақсы жағдайдағы жолдың үлесін 95 пайызға жеткізу. Өткен жылы жөндеуден өткен жолдардан анықталған кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіріп, қаржының толық игерілуін қамтамасыз етіңіздер. Автомобиль жолдары мен көшелерді салу, жөндеу жұмыстарының сапасын қатаң бақылауға алыңыздар. Жобалардың мерзімінде аяқталуын басты назарда ұстаныңыздар, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, облыс аумағынан 3545 шақырым жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары өтеді, оның 1024,5 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 1965,5 шақырымы – аудандық маңызы бар автомобиль жолдары.

Өткен жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында жол инфрақұрылымын дамытуға 44 млрд 700 млн теңге бөлініп, 300 шақырымнан асатын автомобиль жолы, елді мекен көшелері мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Бұл арқылы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесі 92 пайыздан асты.

Биыл жергілікті жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 33 млрд 500 млн теңге бөлінді. Оған 329 шақырым жол жөнделіп, көрсеткіш 95 пайызға жеткізілмек.

## /// ҚҰНДЫЛЫҚ

## «ЯШ ТҮРКІСТАН»: ОН ЕКІ ТОМДЫҚ ОТАНЫНА ОРАЛДЫ

Кеңестік жүйе Түркістан Мұқтариятын құлатып, Қоқанды қанды қырғынға айналдырып, өзін ұстап берген адамға 1000 сом тігілгеннен соң Мұстафа Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болды. 1918 жылғы мамыр айында Ташкенттен шығып, түрлі жағдайларды бастан кешіп, Грузия Демократиялық Республикасына жетіп, онда екі жылдай тұрды. Орджоникидзе бастаған қызылдар Тифлисті басып алғаннан соң Батуми арқылы Түркияға кетті.

Онда көп бола алмай 1921 жылдың мамырында Францияға жетіп, Парижде тұрақтады. Онда саяси жұмысын қаламын ұшымен жалғастырды. Алғашқы кезде макалалары әртүрлі газет-журналдарда, ал 1921 жылдың 26 қарашасынан 1930 жылдың 26 қаңтарына дейін босқын орыс лидерлері Керенскийдің «Дни» және Милоковтың «Последние новости» газеттерінде 150-дей макаласы жарияланды. Бұл И.Сталиннің 1925 жылдың 29 мамырында РКП (б) Қырғыз өлкелік комитетінің бюро мүшелеріне арнайы хат жолдауға мәжбүр етті. Ондағы мәтін мынандай болатын: «Біз өкіметті, жастарды саяси және идеологиялық тәрбиелеуді партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге табыстау үшін алғанымыз жоқ. Бұл шайқас толығымен және еш қалдықсыз коммунистердің пайдасына шешілуі қажет. Олай болмаған жағдайда Қырғызстанда (Қазақстанда – автор) шайқашылардың жеңіске жетуі әбден мүмкін. Ал бұл Қырғызстандағы коммунистердің идеологиялық және саяси күйреуімен теңбе-тең».

4-бет

## ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровті қабылдады.

электроралды компаниялардың қорытындылары, ОСК қызметінің қазіргі жай-күйі мен алдағы жоспары баяндалды.

Президентке Бүкіләлемдік сайлау күні аясында елімізде өткізілген іс-шаралар, 2024 жылғы

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа сайлау комиссиясының халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі бастамалары таныстырылды.

## /// МЕРЕЙ

## АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕР – ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қажырлы еңбектің үлгісін көрсетіп, халықтың ықыласына бөленген ардақты ардагерлерді мерейтойларымен құттықтады. Осы жолғы басқосу құрылыс саласының ардагері, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті құрылысшысы Жанәбіл Нұрқыштың 90 жасқа, Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Садық Әлиевтің 85 жасқа және Арал, Қазалы, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті құрылысшысы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Нәжімедін Мұсабаевтың 75 жасқа толған мерейтойларының құрметіне арналды.

2-бет

## /// САПАР

## ӘРБІР МӘСЕЛЕ ТАРАЗЫЛАНАДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады.

Аудан әкімдігінде өткен қабылдауға келген 87 азамат «Қарлаң» және басқа да көпірлердің құрылысын жалғастыру, әлеуметтік нысандар салу, тұрғын үй, электр, газ желісін тарту, әлеуметтік көмек, жер телімі, аяқсу тарту, жұмысқа орналасу, денсаулығына байланысты мүгедектік алу, тағы басқа мәселелерді көтерді.

Облыс әкімі мен құқық қорғау органдарының басшылары азаматтар қойған сауалдарды жан-

жақты қарап, заң аясында тиісті түсіндірме берді. Әйтеке би кентінің тұрғыны аудан орталығындағы тарихи ғимараттарды жаңғырту мәселесін көтерді. Аймақ басшысы бұл нысандардың тарихи-мәдени құндылығын, оларды келешек ұрпақ қадесіне жарату үшін жұмыстар қолға алынатынын айтты.

2-бет

# АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕР – ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Аймақ басшысы Сыр жұртшылығы атынан құттықтау лебізін жеткізді.

– Біз Сырдың қасиетті топырағында дүниеге келіп, елге қалтқысыз қызмет еткен аға буын өкілдерін ұлықтауды, олардың жүріп өткен жолын өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге етуді дәстүрге айналдырдық.

Үлкендеріміз ел іргесінің сөгілмеуін, өскелең ұрпақ жолының ашық болуын тілеп, тұтас қауымды бірлікке үндес келеді. Ағаларымыз Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты.

Сіздердің парасат-пайымдарыңыз, тәжірибелеріңіз, ақыл-кеңестеріңіз қазіргі жастар үшін құнды! Құрметті ел ағалары, мерейтойларыңыз құтты болсын!, – деді облыс әкімі.

Жанәбіл Нұрқышұлы еңбек жолын 1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам аудандық су шаруашылығы басқармасында бастаған. Әр жылдары «Қызылорда құрылыс» тресінде, Тасбөгет кентіндегі темір-бетон зауытында, Қазалы ауданының ПМК мекемесінде, «Агропромстрой» тресінде басшылық қызметтер атқарған. Қазалы аудандық кеңесінің депутаты, партия комитетінің пленум мүшесі болып сайланған. Қазалы ауданында қызмет еткен жыл-



дары әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің салынуына және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан.

Садық Әлиевтің еңбек жолы 1961 жылы Қызылорда қаласындағы «Авто трактор деталь» зауытында басталған. Жалағаш аудандық кәсіптік-техникалық училищесінде, аудандық

комсомол комитетінде, «Казсельхозтехника» бірлестігінде, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында басшылық қызметтер атқарған. Жалағаш ауданында кеңес төрағасының бірінші орынбасары, аудан әкімінің бірінші орынбасары, «Қазақстан күрші» акционерлік қоғамының бірінші вице-президенті қызметтерін абыроймен атқарған.

Жалағаш аудандық кеңесінің және облыстық кеңестің депутаты болып сайланған. Садық Әлиевтің зейнетке шықса да, ауданның қоғамдық өміріне белсене арналып, бүгінде Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметінде елді бірлікке үндеп келеді.

Нәжмедін Мұсабаевтың 1971 жылы ғылыми қызметкерлікпен

басталған еңбек жолы «Қызылорда жөндеу су құрылыс» тресінде жалғасты. Қазақстан Компартиясының Қазалы аудандық комитетінде, Қазалы аудандық Халық депутаттары кеңесінің атқару комитетінде жауапты қызметте болған. Әр жылдары Қызылорда қаласы әкімінің бірінші орынбасары, Қазалы, Жанакорған және Арал аудандарының әкімі, облыстық экономика басқармасының басшысы, Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған.

Басқосуда Сыр өңірінің дамуына қосқан үлестері үшін мерейтой иелеріне облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталып, халқымыздың игі дәстүріне сай шапан жабылды.

Жанәбіл Нұрқышұлы «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды. Бұл марапат бұған дейін Садық Әлиевті мен Нәжмедін Түркібаевтың берілген болатын.

Мерекелік жиында еңбек ардагері Жақай Бодықбаев, ауыл шаруашылығы саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпаңұлы, Жамбыл облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оңдасын Есіркепов, Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Шанғұтов мерейтой иелеріне құттықтау лебіздерін жеткізді.

1-бет

## ӘРБІР МӘСЕЛЕ ТАРАЗЫЛАНАДЫ



Сондай-ақ қабылдауға келген тұрғын Қазалы ауданының сол жағалау алабының 1-ГД, 2-ГД, К-3-2 қашыртқылар жүйесін қайта жаңғырту мәселесін қозғады. Облыс әкімі бұл мәселе назарында екенін, сол жаға масивінің инженерлік жүйесін қайта жаңғыртуға облыстық, аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, жоба әзірленіп, сараптамадан оң қорытынды алынғанын атап өтті.

Құқық қорғау органдарының басшылары келушілерді тыңдап, қойған сауалдарына қатысты

зандық кеңес берді. Барлық мәселе жан-жақты таразыланып, заң аясында шешім шығарылатынын айтты.

Кейінгі жылдары дәстүрге айналған осындай қабылдаулар алдағы уақытта Арал және Қармақшы аудандарында ұйымдастырылады.

Қабылдаудан кейін облыс әкімі еңбек ардагерлерімен және зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы кейбір мәселелерді талқылады.

1-бет

## АРАЛ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше сондай-ақ, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Арал ауданына жұмыс сапары кезінде жұртшылықпен кездесіп, құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады. Азаматтарға көтерген мәселелердің шешіміне қатысты заң аясында тиісті түсіндірме берілді.

«Оқушылар үйінде» өткен жеке қабылдауға 91 азамат келді. Олар тұрғын үй, жолды асфальттау, балабақша салу, салық, декларация тапсыру, жұмысқа орналасу, мектеп салу, сор көлдерді көму, тағы басқа мәселелерді көтерді.



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

«Мергенсай» ауылының тұрғынын «Арал-Жалана» автожолын асфальттау мәселесі толғандырады. Аймақ басшысы аталған автомобиль жолына қаржы бөлінгенін, жөндеу жұмыстары сәуір айында басталатынын айтты.

Арал қаласының тұрғыны «Шаруашылыққа қажетті ұнтақтар шығару» жобасын таныстырып, көсібіне қолдау сұрады. Облыс әкімі тың жобаға жан-жақты қолдау болатынын жеткізді. Сонымен қатар, аймақ басшысы ауданда құрылыс салатын мердігер мекемелердің басшыларын қабылдап,

нысандардың сапасына баса мән беруді, жұмысты уақытылы аяқтауды тапсырды.

Қабылдауда тұрғындар құқық қорғау органдары басшыларына өз сауалдарын қойып, заңдық тұрғыда кеңес алды. Көтерілген мәселелер заңда белгіленген тәртіппен, кезең-кезеңімен шешілді. Аймақ басшысы осы орайда жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

### БРИФИНГ

## ШИЕЛІ: ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Шиелі ауданында өткен жылы жүйелі жұмыстар атқарылған. Аудан бюджеті 14 млрд 977 млн теңге болып бөкілгені, өнеркәсіп өнімдерін өндіру 127,4, өңдеу өнеркәсібі 143,3, негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі 124,4, құрылыс жұмыстары 116,7, жеке тұрғын үй құрылысының жалпы ауданы 112,9, бөлшек сауда көлемі 105,5 пайызға артқан. Бұл туралы аудан әкімі Айтбай Жандарбеков өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте кеңінен айтты.



– Суды үнемдеуде тамшылатып суару әдісімен 2050 гектарға көкөніс және бақша егілді. Алдағы уақытта жүгері және басқа да дақылдардың көлемі ұлғайтылады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы техника паркі кейінгі 4 жылда жаңа үлгідегі отандық және шетелдік техникамен жаңарды. Төрт түлікті түлеткен шаруалардың арқасында мал басы өскенді. Ірі қара, жылқы, түйе, қой мен ешкі саны өткен жылмен салыстырғанда едәуір артқан, – деді аудан әкімі.

Шиелі кентін аяқсумен қамтамасыз ететін «Базар», «Байсары» каналдарының 4,8 шақырымына темірбетонды лоток салынған. Бұдан бөлек кенттегі 11 көшеге де орнатылды. Биыл аудандағы 12 каналды механикалық тазалау, гидротехникалық құрылыстарға жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Тұрғындарды электр энергиясымен қамтуда бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Кенттегі электр желілерін қайта жаңғыртуға қаржы қаралып, тозығы жеткен трансформаторлар мен желілер ауыстырылды. Шиелі кентіндегі қосалқы станцияны қайта жаңғыртуға Ұлттық қордан 2,3 млрд теңге, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында «Бидайкөл», «Жидепарық», «Ө.Тәжібаев», «Ақжар» ауылдарының сыртқы электрмен қамту желілеріне республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, жұмыс жалғасуда. Биыл толық аяқталып, пайдалануға беріледі. Электрмен қамтуға байланысты 15 жобаны қаржыландыруға Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне, облыстық басқармаларға ұсыныс берілді. Биыл «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында «Бидайкөл», Ш.Қоданов ауылдарының желілерін жаңғыртуға қаржы бөлінді.

Ауданда газдандыру жобаларына 30 млрд теңге қаралып, 330 шақырым газ желілері салынуда. «Ортақшыл»,

«Бәйтерек» ауылы мен 22 бекет тұрғындары «көгілдір отын» игілігін көрді. Нәтижесінде аудан тұрғындарының газбен қамтылу көрсеткіші 80 пайызға жеткен. М.Шоқай елді мекенінде АГТС орнатып «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбыры тармағына, түзету қолға алынды. Осы жоба аясында «Тартоғай», «Сұлутөбей», «Майлытоғай», «1 Мамыр», «Бәйгекүм», Бала би, «Жөлек» елді мекендері газға қосылады.

Брифингте аудан әкімі елді мекендерді сапалы ауызсумен қамту бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Аудандағы барлық елді мекенді ауызсумен үздіксіз қамтамасыз етуде «Тақыркөл» бас су торабынан №3 сорғы станциясына дейін магистральды су өткізгішінің екінші желісі 32,4 шақырым құбыр жүргізіліп, насос қондырғылары орнатылды. «Ақтам», «Ызаль» елді мекендеріне су тұщытқыш қою жоспарланды. Биыл ауданды ауызсумен қамту 100 пайызға жетпек.

Биыл Ұлттық қордан «Самара-Шымкент» жолының 8 шақырымын жаңғыртуға қаржы қаралды. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Ө.Тәжібаев, «Бәйгекүм», «Тартоғай», Жақаев ауылдарындағы 22 көшеге күрделі жөндеу жүргізіледі.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

### БҮГІН - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ

Әлем елдерінде мемлекет үшін маңызды мәселелер халықтың тікелей қатысуымен шешіледі. Азаматтардың өз таңдауына сүйеніп шешім қабылдауы қоғамда демократиялық құндылықтарды дамытады. Бұл өз кезегінде сайлау институтының жаңғыруына жаңа леп әкелді.

## ӘДІЛ САЙЛАУ – АЗАМАТТАРДЫҢ ТАҢДАУЫ

Осыдан 20 жыл бұрын Венгрияда сайлауды ұйымдастырушылардың жалпы конференциясында ақпан айының бірінші бейсенбісін Дүниежүзілік сайлау күні ретінде бекіту туралы бастама көтеріледі. Атаулы күннің мәні мен маңызы айқындалған жылында бұл бастаманы Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдады.

Содан бергі уақытта әлем елдері, оның ішінде Қазақстан сайлау жүйесіндегі бұл елеулі күнге маңызды басқосулар мен түрлі кездесулер өткізу арқылы маңыз беріп қарайды. Себебі елімізде саяси жаңғыруға жетелейтін түрлі реформалар ашық сайлау өткізуден бастау алады. Соңғы жылдардағы сайлау жүйесіндегі өрелі өзгерістер соның айқын дәлелі.

Ел Президенті Парламенттің құзыретін кеңейтіп, депутаттардың пәрменін күшейту тетігін тікелей сайлау өткізу арқылы шешуге болатынын жеткізді. Нәтижесінде, 2023 жыл ел тарихында Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауын өткізумен есте қалды. Бұл үрдіс кент және ауыл әкімдерінің сайлауында да сәтті жүзеге асуда.

Талдауларға сүйенсек, депутат, әкім болуға ниетті азаматтардың арасында өзін-өзі ұсыну жолын таңдаған азаматтардың қатары артқанын көруге болады. Мәселен, 2021 жылы кент және ауылдық округ әкімдері сайлауында кандидаттардың 87,2 пайызы партиядан ұсынылып, 12,7 пайызы өзін-өзі ұсына, 2024 жылы партиядан ұсынылған кандидаттардың үлесі 36,3 пайызды көрсетті. Керісінше, өзін-өзі ұсыну деңгейі 63,6 пайызға көтерілді.

Өзін-өзі ұсыну тетігінің енгізілуі азаматтардың саяси процеске қатысу қолжетімділігін едәуір кеңейтті және азаматтық көзқарасы қалыптасқан адамдардың сайлауға қатысуына жол ашып, саяси бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік берді.

Өткен жыл ел үшін маңызды шешім қабылдайтын АЭС салу мәселелеріне байланысты референдум өткізілді. Оған Қызылорда өңірінің қатысу деңгейі жоғары болды.

Ал 25 сәуірде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Қызылорда облысынан шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті. Нәтижесімен Наурызбай Байқадамов Сенат депутаты болып сайланды.

Биылдан бастап аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайлау жүйесі арқылы, яғни халық таңдауы арқылы қызметке келеді. Демек, өкілеттілік мерзімі аяқталуына қарай, ротация мерзімі жеткенде біртіндеп өткізіледі.

Бұған дейінгі Қызылорда өңіріндегі пилоттық негізде Сырдария және Шиелі аудандарында өткен сайлау науқандарының нәтижелері ауыл тұрғындарының саяси процеске асқан жауапкершілікпен қатысқанын тағы бір дәлелдеді.

Соңғы 4 жылда барлық 146 кент және ауыл әкімдерінің 137-сі тікелей сайлаумен әкім қызметіне кірісті. Биыл қалған 9 әкімнің сайлауы ұйымдастырылады. Осылайша 2025 жылдың 1 жартыжылдығында Қызылорда облысындағы әкімдердің барлығы тікелей сайлау жүйесімен сайланады.

Сайлау – халық пен сайланған азаматтың өзара жауапкершілігін тереңдетеді. Тұрғындар кандидатқа сенім білдіріп, даусы беріп таңдау жасаса, оған 4 жыл елге қызмет етуге мүмкіндік беріледі. Дегенмен, халық сенімінен шыға алмай қалған азаматтар тұрғындардың қол жинауы арқылы сайлаушылардың сенімсіздігіне ие болса жаңадан сайлау өткізуге құқығы бар.

Жыл ішінде шығып қалған мәслихат депутаттарының сайлауын, кент және ауылдық округ әкімдерінің сайлауын ұйымдастырамыз. 2025 жылы сәуір айында 48 ауылдық округ әкімінің сайлауына қатысып, таңдау жасай алады.

Сайлау – демократияның өлшемі! Сайлау – ел үшін маңызды кезеңде азаматтардың үнқосуы.

Бұл ретте әрбір комиссия мүшесі Сайлау туралы Конституциялық заңның орындалуына қызмет етіп, сайлаушылардың құқығын қамтамасыз етуге міндетті. Себебі біздің басты құндылығымыз – әділдік. Басты қағидамыз – ашықтық, инклюзивтік, алқалылық. Басты миссиямыз – халық сеніміне ие болу.

Әлібек ЕРСҰЛТАНОВ, Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

### САЙЛАУ: САНДЫҚ ДЕРЕКТЕР

- САЙЛАУШЫЛАР ДЕРЕКТЕРІ**  
Қызылорда облысында дауыс беруге құқығы бар 497 448 сайлаушы бар. Оның 245 378 - ер азамат, 252 070 - әйел азаматшаларды құрайды.
- ЖАС САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ҮЛЕСІ**  
Аймақта 18-35 жас аралығында дауыс беруге құқығы бар 179785 сайлаушы бар. Оның 94081-і ер азамат, 85704-і әйелдер.
- 18 ЖАСҚА ТОЛАТЫН САЙЛАУШЫЛАР**  
Биыл 63 жас 18 жасқа толып, алғаш рет сайлауға қатысу құқығына ие болады. Оның 36-сы ерлер, 27-сі қыздар.
- ДЕПУТАТТЫҚ КОРПУС**  
Қызылорда өңірінде облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттардың 152 депутаты бар. Оның 32-і облыстық, 23-сі қалалық, 97-сі аудандық деңгейде. 152 депутаттың 126-ы - ерлер, 26-ы әйел депутаттар.
- КЕНТ ЖӘНЕ АУЫЛ ӘКІМДЕРІ**  
Сыр өңірінде 146 кент және ауылдық деңгейдегі округ әкімдері бар. Оның 143-і ер, 3-і әйел. 146 әкімнің 137-і тікелей сайлау жүйесі арқылы сайланады. Қалған 9 жасы 2025 жылдың 1 жартыжылдығында сайланады.

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы



Ұмытпасам 1964 жылдың көктемі еді. Ауылға концерт келді. Тайлы-таяғымыз қалмай кешкісін клубқа жиналды. Алақанды қайта-қайта соғып, басталуын күтіп отырдық. Шымдық ашылды. Концерт жүргізуші шығып, сайрай жөнелді: «Сонау асқар Алатаудың баурайындағы әсем қала, республикамыздың көрікті астанасы Алматыдан арнайы келген «Қазақконцерт» ұжымының бір топ артистері сіздерге өнер көрсетеді» деп бастап, сөз аяғын өзі көркем сөзбен қайырды. Сосын барып, «Сахнада Қазақстанның халық артисі Жүзісбек Елебеков» дегенде қолына домбырасын желді ұстаған елді еңсерген ак түйіндейді кісі шыға келді.

Бұған дейін радиодан әндерін тыңдап жүрген керемет әншіні көзбен көргенде қуанып кеттім. Жүзісбек Елебеков «Қанаталдыдан» бастап, Мәдилин «Қарқаралысын», Сегіз серінің «Тауһартасын», мұнан соң Арқа әндерінің бірнешеуін нәшіне келтіре шырады. Абайдың «Көзімнің қарасы» мен «Сегізаяғын» шалқытты. Сонында біз әлі естімеген «Жас казак» деген әнді беріле айтты. Соғыс жылдары оқ пен оттың ортасына гастрольдік сапармен барғанда Жүзісбек Рамазан Елебаев есімді майдангер-композитордың Кеңес Одағының батыры Төлеген Токтаровқа арнап шығарған бұл ән-реквиемнің өз аузынан үйреніп алып, елге алып қайтқан екен. Рамазанның өзі де 1943 жылдың қараша айында қаза тапқан.

«...Қаралы хабарды Жүзісбек қарашаның 6-сы күні опера театрындағы кезекті концертте, «Жас казак» әнін орындауға сахна түгіндегі өз кезегін күтіп отырған сәтте естиді. Қалың майданның жүріп келген әнші Қашам Баубақыра жүгіріп беріп: «Аға, Рамазаннан айрылдык деп жылап жібергенде, Жүсекеңнің жүрегі жан қаппап, аспан айналды жерге түскендей қып кешеді.

Концерт жүргізуші қайдан білсін? – Рамазан Елебаев! «Жас казак!» Әншіні жазған Габделін Мұстафин орындайтын Жүзісбек Елебеков! Өн Кеңес Одағының батыры Төлеген Токтаровқа арналады. – деп хабарлайды. Әншінің көзі тұманданып сахнаға зорға шыққан. Өрт шалған орыс орманы. Жүзі жайнап Рамазан күлімірегендей болады. Домбырасын құшырлана қысып, қандай құдірет биледі аруағын шақырып, пан көкірекпен аныратып әнді соза берді. Ән орындалып біткенде зал дүрлідеп, сахнаны жарып жібере жаздалды. Көз жасына бұлаққан Жүзісбектің тап осы сәтте Рамазаннан айырылып отырған азды халін ешкім сезген жоқ... (Өнер зерттеуші, композитор, Қазақстанның Еңбек Ері Илья Жақановтың жазбасынан).

Жүзісбек Елебековтің өмірлік серігі болған Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Хабиба Елебекованың айтуынша, алғаш рет Жүзісбек пен Рамазан 1931 жылы кездескен. Қазак драма театрында бірге қызмет еткен.

Біреу біліп, біреу білмес, Жүзісбек Елебеков кім? Өмірдерігіне қысқаша тоқтала кеткен жөн болар. Ешкімге ұқсамайтын ерекше дауысты, туа біткен

талант Жүзісбек Елебеков 1904 жылы Қарағанды облысының Егіндібұлақ, қазіргі Қарқаралы ауданы «Қойтас» деген жерде дүниә есігін ашқан. Алғаш рет әншілік өнерге бес жасынан баулыған ұстазы, әкесінің туған інісі Жақыпбек Балғабайұлы екен. 1914 жылы ағасымен «Қоянды» жәрменкесіне еріп барған 10 жасар Жүзісбек Мәдилин алдында ән салып, батасын алыпты. Өгілі әнші-композитор Мәди Бапұлының қазіргі айтылып жүрген төрт әні, яғни «Қарқаралы», «Шіркін-ай», «Үшқара», «Қаракесек» Елебековтің орындауындағы нұсқалар көрінеді.

Жүзісбек әнші 1920-1922 жылдары Семейдегі «Ес-аймак» труппасында қызмет жасайды. Мұнан соң, көпкөріс қамымен Түркістан теміржол құрылысы мен ет комбинатында жұмыс істеген. 1931-1935 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ драма театрында, кейін ұзақ жылдар бойы мемлекеттік филармония мен «Қазақконцерттің» әншісі болады. Өнердегі ерен еңбегі бағаланып, «Қазақстанның халық артисі» атағын иеленген, Мемлекеттік сыйлық алған. Әнші 1967 жылдан бастап жанадан ашылған Қазақтың эстрадалық студиясында ұстаздық етті. Өзінің ізін басып, «Қазақстанның халық артисі» атағын иеленген Мәдениет Ешекеев пен Қайрат Байбосыновты, Қазақстанның еңбек сіңірген артистері Жәнібек Қарменовті, Мұратбек Жүсібековті, Галым Мұхамедиді, тағы басқа шәкірттер тәрбиелеп шығарған. Жүзісбек шәкірттеріне: «Менен әннің сүйегін алыңдар, жаныңнан алып жан қосатын, қаныңнан алып, жан қосатын әндерің» дейді екен. Шәкірттері мұны ұққан. Олар әндерін ерекше, бөлек құбылта шығарған. Бірақ Жүсекев қасына Жәнібекті ертіп аур меңдеп жатқан Манарбек Ержановтың көңілін сұрауға баралы. Сонда өгілі Манарбек әнші: «Жәнібек Қарменовтің шәкіртің бар, Жүзісбек сен бақытсызсың, менің артыма шәкірт қалмай бара жатыр» деп қамыққан екен. Расында орындаушылық шеберліктері бір-біріне мүлдем ұқсамайтын Елебеков шәкірттері Арқаның әлеуетті, әуезді әндерімен тыңдаушыларын сүйсіндірді және сүйсіндіріп келеді.

Шәкірттерінің бірі Галым Мұхамедін ұстазын былайша еске алады: «Мен Жүсекеңнің студиясына 1970 жылы келдім. Ол кезде оқ орында Жүсекеңмен бірге Фарифолла Құрманғалиев та дәріс берді екен. Екеуі қатар жүреді. Біреуі Арқа мектебінің жүргірі болса, екіншісі Батыс мектебінің дүлдүлі. Елебековтің класында 8 бала оқыды. Ұстазымыз салмақты болып келеді. Өуелі әрқайсымыздан жағдайларымызды сұрап биледі. Сосын әңгіме бастайды. Арқаның атақты сал серілері Біржан сал, Ақан сері, Сегіз сері, Үкілі Ыбырай, Мәди, Балуан Шолақ туралы сөз қозғайды. Сосын осы композиторлардың біріне ерекше тоқталып, үйреткеді отырған ән тарихын баяндайды. Өнінің мәтінін жаздырып, әуелі шұмағын одан соң қайырмасына түседі. Домбыраның қағысын бірнеше мәрте қайталап көрсетеді. Дауыс ыр-

ғағына ерекше мән береді. Жүсекев өте мейірімді ұстаз болды. Бізге көп қамқорлық жасады. Менің «Көк көбелек» деген әнді орындағанымды ұнататын. Сен осы әнді тастамай айтып жүр деуші еді. Бәрі ойымда тұр...»

Енді Қайрат Байбосыновқа келейік: «1967 жылы студияға түстім. Оқу онай болған жоқ. Бірде екі ұстаз Жүзісбек пен Фарифолла оқу корпусының бірінші қабатынан екінші қабатына көтеріліп бара жатты. Мен сол екінші қабатта оқитыным. Ойламаған жерден екі ұстаздың сонынан ілесіпін. Фарекенім: «Қайрат деген баланың дауысы болмай бара жатыр, әнші шыға ма, шықпай ма білмей жүрмін» дегенін естіп, жүрегім дір ете қалды. Класқа кіргесін Жүсекев мені өзіне шақырып алды. «Бір ән орындашы қане, көрейсің» деді. Мен домбырамды қағып-қағып жіберіп «Сұрасан руымды Қаракесек, досымнан дұшпаным көп қылған өсек» деп басталатын «Қаракесек» әнін бар ынта-ықыласыммен орындап бергенімде: «Шүкір, шүкір, Аллаһ-Аллаһ, бірдене қонайын деген екен, тәуба-тәуба» деп көзіне жас алды. Мұны қалай ұмытуға болады. Жүсекев жан дүниесі күршісіз таза, кішіпейіл, парасатты жан еді...»

Иә, бүгіндері Елебековтің шәкірті Қайрат Байбосыновты білмейтін қазақ жоқ. Егер сол жолы Жүсекеңнің орнын да басқа біреу болса, Қайраттың өмір жолы қалай, қай бағытқа бұрыларын кім білсін!?

Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдары» атты кітабында Жүзісбек туралы былай деп жазады: «1931 жылдың жазы. Қазақтың мемлекеттік драма театрында концерт жүріп жатыр. Екінші бөлімде сахнаға отызға жетпеген жас жігіт шықты. Аяғында саптамға етік, үстінде мақпал шапан, жаңарда күндіз бөрік. Бойы ортадан басыра, келбетті келген. Жүрісінде салдықтың ізі бар сияқты. Бірақ, ол бірінші қараған кісіге. Концерт жүргізуші «Әнші Жүзісбек «Сүржекейді» орындап береді» деді. Мен сияқты Арқаның әндерін естімеген кісіге бұл үлкен жаңалықтың басы еді. Жүзісбек «Сүржекейді» бастап кетті. Дауыстың төменгі регистрінде жай ғана бастап, әннің мелодиясын сағыздай созып, тіпті қай жерінде демін алып отырғанын да сездімдей. Шұмақтың үнінің жолына түскенде кульминацияға қарай бара жатқаны сезілді. Онда да мелодияның арқауы үзілмей, тек дауыс басқышының жоғарғы сатысына шығуға өрмеленген көресін. Басында қай, қоныр үнімен бастағаныммен, енді ол музыканың екпінін тездетсе, қыздырып әкетті. Бұл сәтте бет әлпеті де өзгеріп, Сүржекей аттын үстінде келе жатып, сүйегі көз алдына елестеп, күлімірегендей болды. Қайтадан қоныр үнге келіп, әлгіде қиленген жүрегі басылғандай кейіпке енді...»

Қазак кәсіби музыкасының сардары, белгілі композитор, жарықтық Ақанұлы бұл бір әнді суреттегендігі ғана. Ал ол мұнан да зор Арқаның сан нақышты әрі айындаы әндерінің қаншамасын қалықтаты десеніңіз?! Жалпы Арқа әндерін сол кездегі Қазақстанның аста-

насы Алматыға алғаш әкелген Жүзісбек Елебеков көрінеді. Көзі тірісінде-ақ «көміс көмей» атанған оның репертуары аса бай еді. Сегіз серінің «Тауһартасын» алғаш шырап, халыққа жеткізген де осы Жүзісбек атамыз деп білеміз. Абайға шәкірт болған Әлмежанбеттен кездесіп, оның аузынан ұлы Абайдың 11 әнін тыңдап, түпнұсқала елге жеткізген. Оның орындауындағы «Қанаталдыдан» бастап, «Қарқаралы», «Көкәршың», «Жиырма бес», «Екі жирен» – шын мәніндегі классикалық туындылар. Жүзісбектің туатын айтулы әнші, құймақұлақ болған. Көзін көргендер мен сүйікті жары Хабиба Елебекованың жазып қалдырғанындай, Жүсекев ықылас қойған әнін бір айтқанда-ақ қағып алып, орындап кете беретін болған. Домбыра қағысының өзі қандай үйлесімді, қандай мәнерлі! Өншінің бірсыпыра әндері Қазақ радиосы мен теледиденисінің «Алтын қорында» сақтаулы. Бұған қуануға болады.

Қазак өнері мен әдебиетінің 1936 жылғы Мәскеуде өткен онкүндігіне ерлі-зайыпты Жүзісбек Елебеков пен Хабиба Елебекова де қатысады. Бұл туралы Хабиба әжеміз былайша еске алады: «Онкүндік қорытындысы бойынша 13 адам жоғары мемлекеттік наградала ие болды. Сонында онкүндікке қатысқан қазақстандықтар үшін Кремльдің үлкен сарайында қонақасы берілді. Қонақасына Сталин бастаған үкімет мүшелері келді. Жүсекеңнің орны он сегізінші, менің орным он тоғызыншы екен. Сталинді жақыннан анық көріп отырдым, ол күлімісіреп жайлап отырды», – дейді.

Елге келгесін Жүзісбек Елебековке «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағы берілді. Қытай, Монғолия, Үндістан елдерінде болып, қазақ әндерін насихаттаған. Хабиба Елебекова «Диаманат» кітабында жарының өмірі мен шығармашылығы, орындаушылық шеберлігі, адами болмысы, бірге кешкен ғұмыры жайлы кенінен жазады.

Бүлүмізіше Жүзісбек Елебеков әндерін орындаушылардың сегіз рет республикалық конкурсы өткізіп. Осында талай талантты өнердегі тәуауы кесілді десе болады. Іргетасы 1967 жылы қалаған студия 1995 жылдан бері Жүзісбек Елебеков атындағы колледж деп аталады. Колледж дәстүрлі ән, эстрада және цирк өнерлерінің басын біріктіріп, іргелі білім орасына айналған. Түлектері кең-байтақ Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі мәдениет пен өнер ошақтарында қызмет етуде.

1977 жылы Жүзісбек Елебеков бүйрек дертімен ауруханаға түседі. Дәрігерлер ақылдаса келе бүйрекке ота жасау керек деп шешеді. Ота жасалғандан кейін денсаулығы сал жақсарғандай болады. Жүріп-тұруға жарап, тіпті шәкірттерінің сабағына қатысып, жұмысына барған екен. Алайда бұл қып көпке созылмай, жағдайы қайтадан төмендей бастайды. Сондай күндердің бірінде жан жары Хабибаға соңғы тілегін айтып, туған жеріне апарып қайтуға өтініш жасаған. Қарқаралы-Егіндібұлақ-Қойтасы көріп, ауасын жұтқысы келген... «...Жүсекев жол бойы пойыз терезесінен Арқаның боз беткейлі, ұшы-қыры жоқ кең даласына телміріп қараумен болды. Оның көз алдында бүкіл өмірі тізбектеліп өтіп жатқандай еді. Ол мынау кербез даланы, шалқыған өзен-көлдерді, тобылғылы, нұралы, ақ селеулі, боз көделі Арқаны соңғы рет көріп отырғанын жан-жүрегімен түйсінді. Іштей үнісіз бақұлдасты білем», – дейді Хабиба Елебекова.

Алматыға қайтып оралған соң көп ұзамай, тұма талант, дәстүрлі әндердің, оның ішінде Арқа әндерін орындаушылардың ақтангері, өнердегі ұлағатты ұстаздардың бірегейі, күміс көмей әнші Жүзісбек Елебеков дүниеден озған.

**Темірбек ЕСЖАНОВ,**  
Білім беру ісін күрметті қызметкері,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ЖОБА

**2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы**

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына, «Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы №180 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тзілімінде

№28188 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері бекітілсін.
- Осы қаулының орындауын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Н.Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің  
20 жылғы  
№ \_\_\_\_\_ қаулысына қосымша

**Қызылорда облысының әкімі**

2025 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

№	Субсидия түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, теңге
1	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: тұқы тұқымдас балықтар және олардың бұландары	кг	10 000	4 200 000
2	Балық өсіру материалын сатып алу: тұқы тұқымдас балықтар және олардың бұландарының шабағы (30 граммға дейін)	дана	276 200	4 143 000
3	Балық өсіру материалдарын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар: дернесізді тұқымдас балықтар	дана	10 000 000	600 000
4	Балық өсіру-биологиялық негіздеме сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар	штук	1	1 000 000
5	Дәрілік препараттарды сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялар	кг	400	200 000
Барлығы				10 143 000

**«Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі №334 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- «Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі №334 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тзілімінде №6851 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін: Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидаларында: 19-тармақтың 3) тармақшасы жана редакцияда жазылсын: «3) селерту немесе тыйым салу жазулары бар арнайы ақпараттық белгілер қойылған орындарда шомылту.»
- Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы**

**М.Т.Глеумбетов**

**ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ КӘСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!**

Қызылорда облысы әкімдігі мен «Байқоңыр (Байқоңур)» әлеуметтік кәсіпорның корпорациясы» акционерлік қоғамы Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде «Сауда-логистикалық орталығы» инвестициялық жобасы құрылысын іске асыруда. «Қазалы Керуен» біріккен кәсіпорны мен «Сенім-Табигат» ЖШС-і мемлекеттік және жеке-меншік әріптестік жобаны іске асыру мақсатында төмендегіні хабарлайды: Әйтеке би кенті, Колдбайұлы көшесі №112 мекенжайында орналасқан «Сауда-логистикалық орталығы» Жер учаскелерін кәсіпкерлік мақсатында (сатып алу құқығымен жалға беруді) жеке меншік құқығына сатады;

- Автомашина жөндеу шеберханасы; №4 сектор
- Электротехникалық шеберханалар; №3 сектор
- Автөкілік сату, сатып алу базары; №8,9,12,13,14 секторлар
- Май ауыстыру шеберханалары; №5 сектор
- Автомобильдер сатып алу дүкендері; №6 сектор
- Автомашина шиналарын жөндеу вулканизациясы; №7 сектор
- Темір бұйымдарын құрастыру цехтары; №2 сектор
- Қалаларлық жолаушылар такси тасымалы қызметі; №10 сектор
- Пластика, әйнектелген пластик бұйымдарын құрастыру; №1 сектор
- Нан, нан өнімдері цехы; №11 сек-

тор. «Орталық» жер учаскелері Арал-Сарыбұлақ ауызысу жүйесімен орталықтандырылған 100м<sup>3</sup> резервуар арқылы қамтылған; электр энергия жүйесімен және жоғары кернеулі резервтік дизель-генератормен жабдықталған; «Қазтрангас аймақ» газдандыру жүйесімен қамтылған. Орталық кенттің кәріз жүйесіне қосылған, жылытылған, ақилы әжетханасы, ішкі-сыртқы бақылау жүйесі-сигнализация орнатылған, автомобильдер кіреберісі асфальтталған жолымен, бетондалған аяқсу жүйесі бар.

Сату-сатып алу, жалға беру келісім-шартты: екі жақты келісім бағамен рәсімделді, мемлекеттік рәсімделген кадастрлық құжаттарға енгізіледі, техникалық паспорттары табысталады (нотаруспен кепілденеді). Кәсіпкерлік мақсатта бизнес-жоспары, ИП (ЖК) тіркелуі, үш жылдық кәсіп тәжірибесі болуы ұсынылады. Хабарласу үшін мекенжайы: Қызылорда қаласы, Әуелбеков көшесі, 28 үй. Тел.: 8 771 034 70 13; 8 701 160 65 61. Мәліметтермен хабарласу жұмыс күндері сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін. Кәсіпкерлік жерге орналасу туралы сұраныстар 01 сәуір 2025 жылға дейінгі мерзімде телефон арқылы немесе электрондық почта senim-tabigat@mail.kz арқылы тіркеледі. Арендалық сұрақтар 07 сәуір 2025 жылы сағат 11.00-ден орталық ғимаратта қаралады.

**СИНАТМА**

1-14. Базалық бойынша дербес учаскелер.  
15. Бұрынғы бар еді үй.  
16. «Қазалы-Керуен» және-сәуірде аспапталған орталықтың орамына бұрынғы бар ғимараттар.

«Қазалы-Керуен» өкілеттісінің аспапталған орталық аймағында қалыптасқан дербес жер учаскесі.

**Мәліметтік кесті:**

Сатып алу	...
Жер учаскесі	...
Жер учаскесі	...
Жер учаскесі	...

Көрсеткіш:  
Көрсеткіш 11 жер учаскесі дербес бағытта жазылған, оның ішінде №1 жер учаскесі тұрғын үй және мәдениет объектісі.

Таблицаны берген: Сәуір-Табигат ЖШС. АҚ  
Қызылорда облысы Қазалы ауданы Орталық би кенті, Әйтеке би кентінде №11 мекенжайында «Қазалы-Керуен» ЖШС-інің орталығы.

Қызылорда облысының әкімдігінің  
2025 жылғы 17 шілдедегі №334 шешіміне сәйкес.

Бұл құжаттың негізінде жасалған.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!**

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «14» ақпан 2025 жылы ұлғайту бойынша кепілдігі мүлдікке аукцион өткізеді / АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «14» февраля 2025 года на повышение.

№ р/п/п/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан Орын/ Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы/ Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Тұрғын үй/ Жілі дом	Қызылорда қ., Тасбоғет кенті, Зейнулла Шукуров 25 үй/ г. Кызылорда, пос. Тасбогет, ул. Зейнулла Шукуров дом 25.	жалпы алаңы – 201,4 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы – 122,4 ш.м., жер телімінің жалпы алаңы – 0,1000 га./ общей площадью – 201,4 кв.м., жилой площадью – 122,4 кв.м., на земельном участке общей площадью – 0,1000 га.	23 449 156 теңге/тенге	1 172 457,80 теңге /тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ. Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізуден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗХ, ИИК KZ21856000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын - Қызылорда қ., Байтұрсынов қ. 46.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 - 11 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Серік Амандық. Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады. 8 (7242) 55-19-88, ішкі. 79214. Сот.87088074846

Заявка на участие в аукционе принимается со дня опубликования объявления и заканчивается за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Байтұрсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗХ, ИИК KZ21856000000274901.

Место проведения торгов – г.Кызылорда, ул.Байтұрсынова 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 - 11 часов 00 минут. Доверенное лицо – Серік Амандық. Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7242) 55-19-88, вн. 79214. Сот.87088074846

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

**Хабарландыру**

«Юг компани» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабы 2-тармағының және 73-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес 2025 жылдың ақпан айының 13 күнінен бастап 5 жұмыс күні аралығында Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, Бірқазан ауылы, Бірқазан шатқалы, № 50 жер учаскесі мекенжайы бойынша «Авто-жанармай құю станциясын, автогаз құю станциясын және дүкен салу» нысанының «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жұмыс жобасы бойынша жария талқылауды арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (Ecoportal.kz) сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

**Объявление**

ТОО «Юг компани», в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 13 февраля 2025 года в течение 5 рабочих дней на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводиться общественные слушания в форме

/// АПТАЛЫҚ АЙШЫҚТАРЫ

## КӘСІПТІК БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТКЕН

ҚР Кәсіптік-техникалық білім беру үздігі, Білім беру ісінің үздігі, Қызылорда облысының құрметті қайраткері Сексенәлі Рахановтың туғанына 80 жыл толуына орай 29 қаңтар мен 5 ақпан аралығында «Сексенәлі Раханов – жұмысшы мамандар даярлау жүйесінің негізін қалаушы» тақырыбында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында апталық өтті.



ролик байқауы ұйымдастырылды. С.Ысқақов атындағы құрылыс және бизнес колледжінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары ардагерлерімен бірлесіп отырып, С.Рахановтың басқарушылық тәжірибесі мен идеялары жайлы баяндамалар оқылып, талқылаумен жалғасты. Сонымен қатар, «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтарының жылы» тақырыбында барлық оқу топтарында танымдық тәрбие сағаттары өтіп, С.Рахановтың өмірі мен еңбегі еңбек жолы жайлы колледж тұлғаларының кеңінен мағлұмат берілді.

Апталық аясында «С.Раханов оқулары» бастау алып, «Жұмысшы мамандар даярлаудың бүгінгі мен болашағы» тақырыбындағы облыстық педагогикалық оқу өткізілді. Облыстық кезеге 4 бағыт бойынша ТЖКББ ұйымдарының 40-қа жуық педагог қатысып, қорытындысымен 12 жұмыс жүзделі орынға ие болды. Тақырыпқа сай бейне-


калық колледжінде өткен «Сексенәлі Раханов – жұмысшы мамандар даярлау жүйесінің негізін қалаушы» атты облыстық конференциямен қорытындыланды. Жиында кәсіптік білім беру саласының майталманы, білікті басқарушы, іскер ұйымдастырушы, саналы ғұмырын осы саланы дамытуға арнаған Сексенәлі Рахановтың адами болмысы, ұстаздық ұлағаты жайлы терең мазмұнды баяндамалар жасалып, тәжірибесіне толы естеліктер айтылды.

Конференцияда баяндама жасаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ұлағатты ұстаз Әліма Әбдіқалықова «Сәкен кәсіптік және жалпы педагогиканың қыр-сырын, көптеген мамандықтардың кәсіби мазмұнын, теориялық-практикалық мазмұнын үйреніп, игеріп, олардың сапасын қамтамасыз ететін методологиясын іске асырды» деп атап өтті.

Келелі жиында Қызылорда облысының Құрметті азаматы Сайлаубай Әбішев, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы Вилорий Пак, кәсіптік білім саласының ардагерлері Иса Жетербаев, Бақыт Қырғызбаева С.Рахановтың кәсіптік білім саласын дамытудағы елеулі еңбегін естеліктеріне арқау етті.

М.Ысқанов атындағы политехникалық колледждің директоры Бектұр Қали оқу орнында «Жұмысшы мамандықтарының жылына» орай жүзеге асырылатын жобалар жайлы айтты. Жиын соңында С.Рахановтың туысы С.Мусабеков және қызы, облыстық оқу орталығының бөлім меңгерушісі Нұржамал Раханова сөз алып, танымдық іс-шараның өз деңгейінде өтуіне атсалысқан кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарына алғыс білдірді.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»



## «Яш Түркістан»: ОН ЕКІ ТОМДЫҚ ОТАНЫНА ОРАЛДЫ

Француз тіліндегі макалаларының басым көпшілігі «Orientet Occident» және «Прометей», ағылшын тіліндегілер Лондонның «Орталық Азия Корольдік Қоғамының журналдарында, «Азиатик Ревю» («Азиялық шолу») секілді басылымдарда жарық көре бастады. Дегенмен тек Түркістан мәселелеріне арналған бір баспасөз органының жоқтығы сезіледі. Бірақ материалдық мүмкіншіліктердің тапшылығына байланысты жеке орган ұзақ уақыт шыға қоймады. Ақырында «Прометей одағы» құрылғаннан кейін, Польша өкіметінің көмектесуі арқасында, бұл қиыншылық жойылды. Оған нақты дәлелдеріміз бар. Мұстафа Шоқай 1926 жылдың 4 және 31 қазан күндері сол кезде Варшава ұлттық мәселелер институтының директоры, кейін Польшаның сыртқы істер министрлігінің Шығыс бөлімінің бастығы Ташев Голувокаға жазған хатында ай сайын шығып тұратын басылым туралы, оған керек қаражат, оның шығатын орны Стамбул, т.б. мәселелерді көтерген еді.

Түркістан Ұлттық одағының 1927 жылы ақпан айында қабылдаған шешімі бойынша, Стамбулда «Йени Түркістан» атымен журнал шыға бастады. Алайда көп ұзамай Стамбулдағы баспасөз органының жеткіліксіз болғандығы байқалды. Содан 1929 жылы Берлинде «Яш Түркістан» атты Түркістан Ұлттық одағының баспасөз органы ретінде екінші журнал жарық көрді. Мұны Польша үкіметі мен президенті Маршал Пилсудский тарапынан құрылған «Лихнепротетей» ұйымы қаржыландырды.

Түркістанның тәуелсіздігі жолындағы жалынды туы болған басылымның мақсаты – Түркістанның кенестік шындығы, тәуелсіздігі идеясын насихаттау мен халқының өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізу жолындағы күресі еді. Журнал ғұмыр кешкен он жыл кенес одағы тепкісінде болған бодан халықтардың тарихындағы қасіретті оқиғаларға толы болды. 1928-1938 жылдар арасында болған бай-қулақтарды тәркілеу, тап ретінде жою, аштық апаты мен саяси қуғын-сүргін оқиғалары «Яш Түркістан» журналының негізгі тақырыптарына айналды. Кенестік Ресейдің бұрынғы патшалық Ресейдің тікелей мұрагері екенін дәлелдеді. Оның отаршылдық саясаты бүкіл әлемге әшкереленді. Большевиктер артық шепке ығыстырып тастаған ұлттық мүдделер мен ұлттық мұрағат алдығы шепке шығарылды. Отарлықтан көмескі тартқан ұлттық рухты оятады.

Журналдың Берлинде шығуының мынадай себептері болды. Біріншіден, Еуропадағы елдер арасында кенес одағының ықпалы ең аз ел Германия болатын. Екіншіден, Мұстафа Шоқайдың өз сөзімен айтқанда, 1922 жылдың соңында Еуропаға, әсіресе, Германияға Түркістаннан оқуға келген бір топ жастар «Яш Түркістан» таянышы болды («Яш Түркістан» №97). Үшіншіден, «Яш Түркістан» арап әріптерімен шықты. Ол кезде арап әріптерін қолданатын баспахана кез келген Еуропа қалаларында табыла бермейтін. Берлинде арап әріптерімен кітап, журнал басуға болатын.

Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының ұйымдастырушы әрі бас редакторы болды. Оның қаламгерлік қарымы мен саяси-құқықтық көзқарастарының қуатын танытатын шығармашылығы осы журналмен тығыз байланысты. Өзі Женев, Ателктер деген лақап аттарды да пайдаланды.

«Яш Түркістан» журналы 1939 жылы қыркүйек айында немістердің Польшаны жаулап алуымен және Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен өз

жұмысын тоқтатты. Себебі соғыс басталғаннан кейін журналға жазылушылармен байланыс үзілді, оның үстіне Берлинде журналды үлкен жаңқарлықпен шығарып тұрған, Мұстафа Шоқайдан басқалар Түркияға кетті.

Бас аяғы он жылда журналдың 117 саны жарық көрді. Осы кезге дейін журналда Мұстафа Шоқайдың 224 еңбегі жария етілді деп келді. Жақында он екі томдық шығармалар жинағындағы шағатай-түрік тіліндегі макалаларды талдау барысында жоғарыдағы топқа енгізілген 50 еңбек табылды. Быыл Мұстафа Шоқайдың туғанына 135 жыл толуына байланысты бұрынғы таңдамалыларының үш томдығын төрт том етіп қайта шығаруды жоспарлап отырмыз.

Түркістанның саяси, экономикалық, әдеби және мәдени мәселелеріне терең талдаулар жасаған «Яш Түркістан» журналының алғашқы санында-ақ Мұстафа Шоқай ашық түрде: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік талаптары мағынасын бұзбастан, күшін азайтастан «Яш Түркістан» беттерінде айта алар болсақ, біздің баршамыз үшін қасиетті және үлкен жауапкершілікті міндетті бір бөлігін жүзеге асырған боламыз» деген болатын.

Басылымдағы макалаларының құндылығын айқындаған жайт ондағы тұжырымдар мен деректердің сенімділігінде еді. Оған кенестік баспасөз бен басшы қызметкерлердің мәлімдемелері пайдаланылды. Олар «Еңбекші қазақ», «Қызыл Өзбекстан», «Түркіменстан», «Йени Фергана» секілді түркі тілдеріндегі газеттер мен «Правда Востока», «Советская степь», «Революционный восток», «Правда», «Запартио» секілді орыс тіліндегі журналдар, т.б. басылымдар болды.

Мұстафа Шоқай журналының атын «Яш Түркістан» деп кездейсоқ қойған жоқ, бұл қайта саналы түрде жасалған таңдау болатын. Бұл ұлы тұлғаның: «Біз тәуелсіз Түркістанымыз үшін қажетті барлық нәрсені жас ұрпақтан күтеміз» деген жастарға сенімінен туындаған еді.

«Яш Түркістан» журналында қолданған ерекше түркі тілі басылымның баспасөз саясатына сәйкес болатын. Журналды алатын жиырмадан астам мекенжайлар, оның 885 данасының он тоғыз мемлекетке және Мәскеу, Тифлис, Баку және Түркістанға тарауы осы тіл саясатымен бүкіл түркі әлеміне түсінікті болуды мақсат етумен бірге Түркістанда жана дамып келе жатқан түркі тілдеріне бағыт-бағдар беруді де көздеді.

Сөзімің соңында Мұстафа Шоқайдың бүкіл шығармашылық өмірінде «Яш Түркістан» журналы ерекше орын алатынын тағы да атап өткіміз келеді. Егер Орта Азия мен Қазақстанда құрылған тұңғыш жана типтегі мемлекеттік құрылым – Түркістан Мұқтариятының басшысы болуы оның саяси қызметінің шыны десек, «Яш Түркістан» журналында жарияланған макалаларындағы саяси-әлеуметтік ұлт-тұжырымдары болашақ тәуелсіз ұлттық мемлекеттің саяси-құқықтық қаңқасы еді. Оған бір баспа табактан астам жиналған кемел сөздер дәлел бола алады.

Жақында Берлиндегі Елшілік пен Германиядағы қандастарымыз бірігіп шығарған түркістандықтардың тәуелсіздік үшін күресінің жалынды туы болған журналдың он екі томдық толық жинағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасына тапсырылды. Шығарушыларға айтар алғысымыз шексіз дегіміз келеді.

Әбдіжәлел БӘКІР,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
профессоры, саяси ғылымдар  
докторы, Мұстафа Шоқай  
ҒО ғылыми жетекшісі

/// БРИФИНГ

## ТАЛАНТТЫ СПОРТШЫЛАР ТАСАДА ҚАЛМАЙДЫ

Алдағы уақытта Сыр өңірінде олимпиадалық спорт түрлерін дамытуға ерекше мән беріледі. Жергілікті жастардың әлемдік деңгейдегі сайыстарға қатысуына қолдау көрсетіледі.

– Жанкүйерлер кейінгі жылдары қазақстандық спортшылардың Жазғы Олимпиадаларда төмен нәтиже көрсетіп жүргенін жақсы біледі, – деді облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев. – Сондықтан қазір елімізде бұл бағытта тиісті жұмыстар қолға алынып отыр. Қазір Олимпиадалық спорт түрлерін дамыту – негізгі мақсат. Облысқа қызметке келгенімізде мемлекет есебінен бөлінген қаржының 80 пайызы оған кірмейтін спорт түрлеріне бағытталғанын аңғардық. Енділігі кезекте барлығы керісінше болады. Спортшының жолы оңай емес. Асқақ арманмен қаншама тер төгеді. Олимп шыңын бағындыру – кез келген адамның басына бұйыра бермейтін бақ. Әйтсе де, біз таланттарға жол ашып, олардың жоғары жетістікке жетуіне қолдау көрсетуіміз тиіс. Келешекте оларға 1,5-2 млн теңге шамасында сыйақы тағайындау жоспарланып отыр. Ол жергілікті жастардың алға ұмтылуына он есерін тігізеді деген ойдамын Әрине, бұл бастапқы кезде ауыр қабылданады. Ойткені, олимпиадалық емес түрімен табыс тауып отырған азаматтар бар. Олар соның арқасында сыйақы мен үстемалы алып келді. Бірақ біз жеткізе білдік. Олар тұсында. Келесі олимпиадада ұятқа қалмау үшін біз осындай қадамға бару керекпіз.



Басқарма басшысының айтуынша, аймақта грек-рим, еркін және әйелдер күресін дамыту бағытында тиісті жұмыстар атқарылады. Олар Олимпиадалық көптеген жеңімпазшылыққа ие болды. Олар Олимпиадалық көптеген жеңімпазшылыққа ие болды. Олар Олимпиадалық көптеген жеңімпазшылыққа ие болды.

Келешекте Қызылорда қаласында бокс клубын ашу жоспарда бар. Қазірге дейін жұмыс жасап келген «Тарлан» спорт кешені облыстық басқарманың теңгеріміне берілді. Содан кейін оған бюджет есебінен қаржы тартуға жол ашылады. Әзірге

ойыншыларға көңіл бөлу қажеттігі туралы жиі айтылады. Десе де қазірге дейін нақты қадам жасалған жоқ. Неге біз ел жастарына үміт артпаймыз? Таланттарға неге жол ашпаймыз? Жаңадан жасақталған команда алғашқыда қарсыласына қауқар көрсете алмауы мүмкін. Алайда әрбір ойында олар тәжірибесін арттырады, шеберлігін жетілдіреді. Олардың арасынан мықты футболшылар шығады деген ойдамын. Қазір команданың 700 млн теңгеге жуық қарызы бар. «Қайсардың» басылуына келген азаматтар одан құтылу үшін жолын қарастырып жатыр. Ол демеушілерден түскен қаржы есебінен жабылады, – деді басқарма басшысы.

«Қайсар» футбол клубының директоры Талғат Әбдіғалпарұлы қазір демеушілермен келісім-шартқа қол қойылғанын атап өтті. Сондай-ақ командаға аша түсіру мақсатында қосымша қаржы көздері қарастырылып отыр.

Қазір облыс орталығында бой көтеріп жатқан 11 мың жанкүйерге арналған жана стадион биыл мамыр айында пайдалануға берілмек. Ол УЕФА-ның үшінші категория талабына сай келеді. Бұл талап бойынша команда еурокубоктың топтық кезеңіндегі ойындарын да өз стадионында өткізуіне мүмкіндігі бар.

Айта кетсек, осы кезге дейін облыс намысын қорғап келе жатқан «Қайсар» гандбол және көгалдағы хоккей клубтарына да қолдау көрсету жалғасуда.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

1-бет.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі  
**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**МАРАТ АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
**ҚАУТ ШАРАБИДІНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу нөмірі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында тиісінше. Тел: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.